



Рухани жаңғыру біздерді асыл тегіміз бен бекзат болмысымызға бастайды.

3,6-бетте



Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.

7-бетте

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



AUEZOV
UNIVERSITY
1948

№ 10-11 (198-199)
13.12.2019

16

ЖЕЛТОҚСАН -

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Құрметті әріптестер! Қымбатты студенттер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Білімсіздің күні қараң. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген білімді ұрпақ өз Отанының даму жолында аянбай тер төгеді. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету - әркімнің міндеті. Әрбір жастың алаңсыз білім нәрімен сусындауына барынша жағдай жасалған. Биылғы «Жастар жылын» қазақстандықтар тиісті деңгейде өткізді деп айтуға толық негіз бар. Келер жыл Волонтерлар жылы болмақ. Нұрлы болашақтың даңғыл жолында шабысы қатты тұлпардай жүйткіген Қазақстанның жастары текті ұлттың ұрпақтары екенін келешекте де дәлелдей беретіні сөзсіз.

Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз Қазақстанға деген құрмет сезімін әкелетін бүгінгідей мереке күні алға қарай берік сеніммен қарап, тыныш өмірдің негізін қалау үшін бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек. Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі таңда патриоттық дәстүрге сай келетін жаңа талаптар қойып отыр. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр. Ендеше, еліміздің алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан көрінуі жолында баршамыз өз үлесімізді қосайық деген тілегімді білдіргім келеді.

Құрметті профессорлар мен оқытушылар қауымы! Қымбатты студенттер! Сіздерді Отанымыздың Тәуелсіздік күнімен тағы да құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге табыс, шығармашылық шабыт тілеймін! Елімізде тыныштық болып, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!

Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор